


Сабақтың тақырыбы:

§42. Жалпақ құрттар типіне жататын жәндіктердің негізгі ерекшеліктері.

Үй тапсырмасын тексеру:
«Үш қадамды сұхбат әдісі»

«Ішекқуыстылар типі»
тақырыбы бойынша үш
оқушы тақтаға шығады
(бірінші оқушы сұрақ
қояды, екінші оқушы жауап
береді, үшінші оқушы
жауапты толықтырады
және орындарын
ауыстырып тақырыпты
толық ашады).



Жаңа сабақты баяндау кезеңі:

Жалпақ құрттардың 15000-дай түрі белгілі.

Олар 5 класқа жіктеледі:

- 1. Кірпікшелі құрттар,**
- 2. Сорғыш құрттар,**
- 3. Моногенетикалық сорғыштар ,**
- 4. Таспа құрттар,**
- 5. Цестода тәрізділер.**

Соңғы 4 класс өкілдері – нағыз паразиттер.

Жалпақ құрттардың пайда болуын протерозой заманына жатқызады және үлкен ароморфоздардың пайда болуымен айқындалады.

Анықтамалар мен терминдермен жұмыс:

- Бауыр жағы арқасына жабысып, денесі жалпақ пішінді болғандықтан, **жалпақ құрттар** деп аталады.
- **Мезодерма** (грекше «мезос» - аралық, + «дерма» - тері) – ұрықтың дамуы кезінде эктодерма мен энтодерма аралығындағы аралық жасушалы қабат.
- **Гельминтология** (грекше «гельминс» - құрт, ішекқұрт, «логос» - білім) – зоология ғылымының паразит құрттарды зерттейтін ғылым саласы.
- Паразиттік түрлерінің дене жабынының құрылысы ерекше, эпителий ұлпасында жасуша болмайды, оны тығыз түзіліс **сірқабық** қаптайды.
- **Эндопаразиттер** - ағзалардың ішкі мүшелерінде өмір сүретін паразиттер.
- **Эктопаразиттер** – ағза денесінің сыртында паразиттік жолмен тіршілік етеді.

Константин Иванович Скрябин (1878-1972жж.)

Әйгілі гельминтолог, академик,
Социалистік Еңбек Ері (1957),
Лениндік (1957), Мемлекеттік
сыйлықтарының иегері.

1907-1911 жылдары Әулие-атада
(қазіргі Жамбыл қаласы) мал
дәрігері болған. Ол ғылыми еңбегін
ішеккұрттарды зерттеуге жұмсаған
ғалым. Өз шәкірттерімен бірге 300-
ге жуық гельминтологиялық
экспедициялар ұйымдастырып
басшылық жасады. Ол
ішеккұрттарды жою және
ішеккұрттары ауруларын
болдырмау шаралары туралы ілім
жасады.



Жалпақ құрттардың ерекшелігі:

- Көпжасушалық және дененің үшқабатының қалыптасуы: экто, энто – мезодерма, тері-бұлшықет қаптың түзілуі;
- Әр түрлі жасушалардың пайда болуы;
- Екіжақты симметриялы;
- Дененің алдыңғы бөлігінің пайда болуы, сезім мүшелерінің (көру, иіс сезу, дәм сезу) қалыптасуы;
- Жүйке жүйесінің дамуы, өзара тығыз байланысқан жүйке өсінділерінің пайда болуы;
- Ас қорыту жүйесінің қалыптасуы, олар алдыңғы, ортаңғы бөлімдері бар қуысты ас қорытуды қамтамасыз етуі;
- Протонефрид деген жеке жасушалардан тұратын зәршығару жүйесінің пайда болуы. Бұл бұған дейін тірі ағзаларда болмаған жүйе;
- Барлығында қантарту және тыныс алу жүйелері мүлде жоқ. Олардың тыныс алуына бүкіл денесі қатысады;
- Тұрақты жыныс жүйесінің – жыныс бездерінің қалыптасуы. Жалпақ құрттар – қосжынысты (гермафродит)

**Сынып оқушыларының жаңа сабаққа
ізденуге берілген тапсырмалары
бойынша мәлімдемесі:**

- 1. Кірпікшелі құрттар класы**
- 2. Сорғыш құрттар класы**
- 3. Таспа құрттар класы**



КІРПІКШЕЛІ ҚҰРТТАР КЛАСЫ.

ақ сұлама – БЕЛАЯ
Планария

АҚ СҰЛАМА – БЕЛАЯ ПЛАНАРИЯ

- ◎ Ақ сұлама – еркін жүзіп қимылдайтын, жалпақ құрттарға жататын кірпікшелі құрт
- ◎ Денесі кірпікшелі эпителий жасушаларымен қапталғандықтан, кірпікшелілер класына жатады
- ◎ Ақ сұлама суда кірпікшелерінің көмегімен еркін жүзе алады

Сұлама түрлері



Ақ сұламаның жіктелуі

- ◎ ПАТШАЛЫҚ: Жануарлар (Животные)
- ◎ БӨЛІМ: Билатеральдылар (Билатеральные)
- ◎ БӨЛІМШЕ: Алғашқы ауыздылар (Первичноротые)
- ◎ ТИПІ: Жалпақ құрттар (Плоские черви)
- ◎ КЛАСЫ: Кірпікшелі құрттар (Ресничатые)
- ◎ ОТРЯДЫ: Үштармақты ішекті турбеллярия (турбеллярия)
- ◎ ӨКІЛІ: Ақ сұлама (Белая планария)

